



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМАЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ



«XVII ОРАЗБАЕВ ОҚУЛАРЫ»

халықаралық ғылыми-әдістемелік

конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS

of International Scientific and
Methodical Conference

«XVII ORAZBAYEV READINGS»



Алматы, 2025

Жетісудағы жартасқа салынған суреттер табиғаты

Мақалада петроглифтерді зерттеу барысында көптеген қыры мен сырын, соның ішінде: ең алдымен, мәдени мұра мәселесін, оның қайнар көзі мен жаңғыру жолдарын айқындау мен зерттелу тарихы қарастырылған. Петроглифтер дәстүрлі мәдениеттің жоғалып бара жатқан компоненттерін, шаруашылық-мәдени типтерінің ерекшеліктерін, қоршаған ортамен және көрші елдермен қарым-қатынастарын, рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын қалпына келтіріп, түсіндіру үшін таптырмайтын бірден-бір дерек көзі ретінде қарастырылуда. Жетісудың таулы аймағындағы табылған петроглифтер кейінгі қола дәуірі тайпаларының материалдық мәдениеті мен ғылыми зерттеудің дәлелі болады. Жинақталған материал бір мәдениеттердің екіншісіне ықпалын байқауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл зерттеулерде петроглифтердің ежелгі тобын нақты түрде бөліп қарауға аздық етеді.

Түйін сөздер: петроглиф, конференция, галерея, эстетика, катакомба, континент.

Кіріспе. Қола дәуірі және ерте темір дәуірлерінің петроглифтері: тарихи негіздері мен өзекті мәселелері бойынша Қазақ даласы-бірнеше мыңдаған, жүздеген, ондаған жылдар тарихынан әртүрлі мағлұматтар беретін ескерткіш түрлеріне өте бай. Солардың бірі – петроглифтер, сонау жоғарғы палеолит дәуірінде пайда болып, қазіргі заманға дейін келіп жеткен. Петроглифтер бір жағынан, оларды салған адам баласының рухани жан-дүниесін көрсететін «ашық аспан астындағы галерея» болса, ал екінші жағынан, өткен дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін теңдесі жоқ дерек көздерінің бірі. Себебі, петроглифтерден біз ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығы мен кәсібіне, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарына, дүниетанымына, қоршаған ортамен қарым-қатынасына және тағы басқа да іс-әрекеттеріне байланысты мағлұматтарды ала аламыз. Қазақ даласы осындай мағлұматтар беретін жартас суреттері жыйынтық орындарының көптігі жөнінен Еуразия континентіндегі алдыңғы орындардың бірін алады. Осы уақытқа дейін Қазақстанда әр тарихи кезеңді қамтитын 200-ден астам жартас суреттерінің шоғырланған орындары белгілі болып отыр. Солардың ішінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми айналымға түскендері: Таңбалы, Ақбауыр, Арпаөзен, Баянжүрек, Ешкіөлмес, Қойбағар, Майдантал, Мойнақ, Теректі Әулие. Аталмыш ескерткіштерге байланысты еліміз бен бірқатар шетелдердің баспа беттерінен арнайы еңбектер жарық көріп, өз орындарын әлем мәдениеті мен ғылымның алтын қорынан тапса, ал олардағы кейбір бейнелер-түрлі басылымдардың мұқабасын безендіріп, халықаралық конференциялар мен байқаулардың және тағы басқа да іс-шаралардың негізгі таңбасына айналып отырғаны белгілі.

Петроглифтерді зерттеу барысында көптеген қыры мен сырын, соның ішінде: ең алдымен, мәдени мұра мәселесін, оның қайнар көзі мен жаңғыру жолдарын айқындасақ, ал ондағы кейбір сюжеттер ата-бабамыздың дәстүрлі мәдениетінің жоғалып бара жатқан компоненттерін, шаруашылық-мәдени типтерінің ерекшеліктерін, қоршаған ортамен және көрші елдермен қарым-қатынастарын, рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын жан-жақты қалпына келтіріп, түсіндіру үшін таптырмайтын бірден-бір дерек көзі. Өз бастауын сонау көне замандардан алатын бұл суреттер құрамы жағынан да, мағынасы жағынан да алуан түрлі. Олардың арасынан жеке бейнелерден бастап, көп бейнелі күрделі композицияларға дейін кездестіруге болады. Сол көріністер мен композицияларға жасалған сараптау мен жүйелеудің нәтижесінде біз оларды әскери тұрмыс; зооморфты образдар мен аңшылық сюжеттері; ұста құралдары мен зергерлік өнер туындылары; қатынас-тасымал көліктері; атрибуттар, символдар және культтік бейнелер мен ғұрыптық би билеушілер сияқты бірнеше тақырыптарға топтастырылғанын көре аламыз (Самашев, Жетібаев, 2005).

Негізгі бөлім. Осыған орай басқа халықтар сияқты сақтар да табиғаттың тылсым күштеріне күнге, оның күркіреуіне, найзағайға, жел-дауылға табынған, осынау құбылыстар оларға құдай бейнесі секілденіп көрінген. Олардың түсінігі бойынша құдайлар, канатты тұлпарлар, ат-самұрықтар сияқты, қиялдан туған аңдар мен құстар, жануарлар бейнесінде де көріне беретін болған. Осынау бейнелердің мифология мен ауыз әдебиетінен кең орын алатыны сондай, Еуразия даналары өнерінде өзгеше бір «Аң стилін» тудырған.

Сонымен қатар сақ тайпалары «нүктелі техника» деп аталатын суретшілік әдісін қолдана бастаған. Олар өздері мекендеген жерлердегі жартастарға аңшылық, малшылық тұрмысты «нүктелі техника» әдісі арқылы қашап бейнелеген, жабайы хайуандар мен табиғат күштерін «кие» деп табынатын діни ұғымды білдіретін суреттер де салған. Мұндай жартас суреттерінде қайқы мүйіз таутеке, бұғы, жылқы сияқты хайуандар жиі кездестіруге болады. Кейбіреулерінде садақ тартып тұрған адам бейнесі де бар. Бұл сияқты жартас суреттері Шыңжаңның Алтай, Тянь-Шань, Тарбағатай тауларының барлық жерінен табылғандығы белгілі (Ахметжанов, 1995).

Соңғы он жыл көлемінде зерттеу жұмыстарының қарқынды жүруіне байланысты Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда ежелгі тасқа қашалған көптеген өнер ескерткіші табылды. Олардың ішінде Шығыс Жетісудағы Баян-Жүрек, Жетісудың батыс бөлігіндегі және Қаратаудың оңтүстік беткейлерінде петроглифтердің ірі шоғыры бар. Аталған ескерткіштердің ішінде бұрын белгісіз болып келген әр дәуірде салынған мыңдаған ежелгі суреттер бар. Осындай тасқа қашалған өнердің ірі ескерткіштерімен қатар тек 2004-2008 жылдар аралығында зерттеушілер үшін маңызды зор бірнеше басқа да петроглифтердің шағын шоғыры табылды. Оның қатарына Серіктас, Лабасы, Қарақыр, Қайшы, Алмалы, Құлжабасы, Басбатыр, Ақтерек және де тағы басқа да таулардағы петроглифтерді жатқызуға болады. Ежелгі өнерді, қола, ерте темір дәуірі мен ортағасырдағы тайпалардың пұтқа табынушылық діни сенімдері мен ұғымдары материалдық мәдениеттің бөліктерін зерттеу «Мәдени мұра» бағдарламасының құрамдас бөлігіне айналған.

Бірақ әлі де көптеген ескерткіштер зерттеле қойған жоқ. Алғашқы қауымдық өнерді зерттеушілер алдында жаңа міндеттер қойылып отыр: жаңа суреттерді зерттеумен байланысты бір жағынан, оларды бүгінгі күнге қарағанда, кезеңдерге бөлу қажеттілігі туындады, екінші жағынан, Қазақстан мен Жетісу петроглифтерін неғұрлым ерте кездегі топқа жатқызуды, оның ішінде ежелгі өнердің бастауларын табуды ұсынған авторлардың еңбектері жариялануда. Бұл түсінікті де, өйткені, Сібір, Алтай, Монғолия, Өзбекстан петроглифтері туралы жарияланымдардың авторлары мұндай бастауларды тас ғасыры деп біледі (Молодин, Черемисин, 1999).

Дейтұрғанмен зерттеушілер арасында петроглифтердің ежелгі тобы туралы бірыңғай пікір жоқ деуге болады. Петроглифтердің негізгі бөлігін барлық зерттеушілер энолит және қола дәуіріне жатқызады. Петроглифтердің ежелгі тобының датасын табу, тереңдету және дәлелдеу міндеті Қазақстандық археологтар алдында да тұрғаны белгілі. Оны таяу маңда шеше қою қиын, бірақ бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Бұл міндеттердің күрделілігі энолит және ерте қола дәуірінде Еуразия тұрғындарының көшуі мен қозғалысының жолдары әлі зерттелмеген.

Мәселен, көші-қон және мәдениеттердің өзара ықпалы туралы В.Д. Кубарев былай деп жазады: «Қаракөл ескерткіштері оқундіктерімен кереметтей ұқсас болуының өзі Шығыс Еуропаның шұңқыр-катакомбалық мәдениеттері мен Минусинск жырасының (котлован) энолиттік ескерткіштерімен арасындағы аралық буын бола отырып, көші-қон жолдарының бәрін айқындап береді. Көші-қон жолдарының сол «қарақшыларын» немесе «белгілерін» Моңғол Алтайының қола дәуіріне жататын петроглифтерін зерттеу барысы арқылы да айқындауға болады (Самашев, 2005).

В.А. Новоженев Байқоңыр петроглифтерін талдап, ежелгі дәуірдегі тайпалардың көші-қон мәселесін зерделей отырып, Қазақстан петроглифтерінде екі кезең көрініс тапқан деген қортындыға келеді. Оның бірінші кезеңі ежелгі-шұңқырлы мәдени-тарихи қауымдастық тайпаларының шығысқа қарай қозғалуымен байланысты болса, ал екінші қарасұқ мәдениетінің тайпаларының шығыстан батысқа қарай Қазақстанға кері қозғалуымен байланысты (Новоженев, 2004).

Қазақстанға кері оралу қозғалысы онша байқалмайды, дейтұрғанмен оны жоққа шығаруға да болмайды, өйткені, Оңтүстік Қазақстанның бірнеше өңірлерінде кішкене тұмсықты бұғылар салынған монғол суреттерінің класикалық үлгілері табылған. Сонымен қатар Жетісудағы Ешкі-Өлмес петроглифтеріндегі шығыс дәстүрлері оларды ежелгі өнердің Алтай ескерткіштерімен жақындастыра түседі.

Қола дәуіріне жататын федоровтық тайпалар тобының Жетісуда оңтүстікке қарай қозғалуы туралы Е.Е. Кузьмина жазды. Ол федоровтық мәдениетке жататын тайпалар оңтүстікке қарай көшпестен бұрын белгілі бір уақыт ішінде Алакөл тайпаларымен байланыста болды, бұл Жетісу ыдыстарын дайындау мен өрнектеуде көрініс тапты деп есептейді. Мұндай жағдай Шығыс Жетісудың таулы аймағындағы кейінгі қола дәуірі тайпаларының материалдық мәдениетінен табылуы осының дәлелі болады. Жинақталған материал бір мәдениеттердің екіншісіне ықпалын байқауға мүмкіндік береді (сирек жағдайларда), бірақ бұл петроглифтердің ежелгі тобын нақты түрде бөліп қарауға аздық етеді.

Қазақстан археологтары сол немесе өзге ауданның қоныстану кезеңін анықтау мен айқындау мақсатында тастағы суреттер жинақталған аймақтарынан бірнеше мәрте қазба жұмыстарын

жүргізген болатын. Құйған I, II, III; Көксу өзені аңғарындағы Талапты I, және II қорымдары, Талапты қонысы және Ешкі-Өлмес тауларындағы бірнеше дәуірлерге жататын тасқа қашалған суреттер зерттелген. Материалдық мәдениеттің ескерткіштерін осындай зерттеу Баян-Жүрек тауларында және Қасқарау алқабында тау етегінде орналасқан қола дәуірінің қоныстары мен қорымдарында да жүргізілген. Осындай археологиялық қазба жұмыстары Құлжабасы шатқалында да жасалған, онда қола дәуірі петроглифтері, сол кезеңнің қонысы мен Аңырақай жазығындағы жерлеу орындары зерттелген. Кешенді археологиялық зерттеулер нәтижесінде қола дәуіріне жататын бұл ежелгі қоныстар мен молалар аталған тастағы жазулар қола дәуірінде салынғандығы анықталған.

Қорытынды. Орта Азия үшін тасқа қашалған өнер ескерткіштерінің уақытын белгілеу дәл анықтау әлі жүзеге аса қойған жоқ, бұл оларды Қазақстанда зерттеуге қиындық туғызады. Бүгінде Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда неолит дәуірінің кейбір тұрақтары, неолиттік пен энеолиттік индустрияның көптеген олжалары ғана табылған. Жетісуда б.з.д. II мыңжылдық басында болған Биғаш қонысына қазба жүргізілген. Өңірдегі ерте қола дәуірінің ескерткіштеріне В.К. Мерц археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бірақ бұл археологиялық зерттеулерде тасқа қашалған суреттермен бірыңғай кешенді байланысты білдіре алмайды және петроглифтердің ерте сатысын бөліп қарау үшін де басты негіз бола алмаған. Қазіргі таңда петроглифтерді археологиялық зерттеу жан – жақты қарастыру мен мән-мағынасын ашу зерттеушілер үшін басты назарда болуда.

Әдебиеттер тізімі

- Ахметжанов Қ. Көне замандағы бейнелеу өнері. Алматы: Қазақ елі, 1995. 243 б.
Байпақов К.М., Марьяшев А.Н. Ақ-Қайнар петроглифтері. Алматы, 2009. 104 б.
Молодин В.И., Черемисин Д.В. Древние наскальные изображения плоскогорья Укок. Новосибирск, 1999. 160 с.
Новоженков В.А. Петроглифы Сары-Арки. Алматы, 2004. 125 с.
Самашев. З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері. Алматы, 2005. 134 б.
Самашев З. Петроглифы Казахстана. Алматы, 2005. 200 с.

Р.К. Шарипов

Природа наскальных рисунков в Жетысу

В статье рассматриваются многие аспекты и тайны при изучении петроглифов, в том числе: прежде всего история определения и изучения вопроса культурного наследия, его источника и методов возрождения. Петроглифы рассматриваются как единственный источник, незаменимый для восстановления и интерпретации исчезающих компонентов традиционной культуры, особенностей хозяйственно-культурных типов, отношений с окружающей средой и соседними странами, духовной души, философских, эстетических взглядов. Найденные петроглифы в горной местности Жетысу станут свидетельством материальной культуры и научных исследований племен бронзового века. Накопленный материал позволяет наблюдать влияние одних культур на другие. Но в этих исследованиях мало что можно сделать, чтобы четко выделить древнюю группу петроглифов.

Ключевые слова: петроглиф; конференция; галерея; эстетика; катакомба; континент.

Rinat Sharipov

The nature of rock paintings in Zhetysu

This article explores various aspects and mysteries involved in the study of petro glyphs, including, first and foremost, the history of identifying and researching cultural heritage, its sources, and methods of revival. Petro glyphs are viewed as a unique and irreplaceable source for the restoration and interpretation of vanishing elements of traditional culture, characteristics of economic and cultural types, relationships with the environment and neighboring countries, as well as the spiritual essence, philosophical, and aesthetic views of ancient peoples. The petro glyphs discovered in the mountainous region of Zhetysu serve as evidence of the material culture and scholarly investigations of Bronze Age tribes. The accumulated data allows for the observation of cultural influences across civilizations. However, these studies offer limited means to clearly distinguish the ancient group of petro glyphs.

Keywords: Petro glyph; conference; gallery; aesthetics; catacomb; continent.